

# ЖАЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал

ЖАЛЫН  
ЖУРНАЛЫНА  
40 ЖЫЛ



Астана



Ол ешқашан да өзінің бақытсыздығына себепкер кінәлілерді, жауларын, көре алмаушыларды жамандаған емес. Міне, бұл жағынан да оның ұлылығы шексіз болатын.

Қазақтың көрнекті ақыны, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің сүйген жары, ол ұсталғаннан кейін барлық ғұмырын оны ақтау жолына сарп етіп, ақталғаннан кейін әдеби мұрасын шығаруға

арнаған адал жары Гүлбағрам әжеміз тірі болса, биыл қазан айында 100 жасқа толар еді. Ағайынтуыстар болып ардақты анамыз – қазақтың бір қайсар қызын еске алуды ойластырамыз. Сондықтан да ел де білсін деген ниетпен осы бір қайсар ғұмыр, ер-азаматқа қалай жолдас болудың үлгісін көрсеткен қазақтың біртуар қызы жайлы қысқаша баян жазуды өзіме парыз санадым.

Тұрсынбек КӘКІШЕВ,  
академик

# МЕНИ СӘКЕН РУХЫНА ЖЕТЕЛЕГЕН ГҮЛБАҒРАМ


Сейфуллина Гүлбағраммен 1948 жылдан бері таныс ем. Онда ЖенПИ қыздарының көйлегін тігіп күнелтетін. Ұзынша барактың бір бөлмесінде ағасы Бозтайдың үш қызын, әкесі майданда қаза тапқан Ерік деген жетімдерді асырап отырғанын білуіме құдашасы Күбірә себепші болды. 1950 жылы үйленіп, отау тіккеннен кейін арамыз бұрынғыдан да жақындап кетті. Ер мінезді, керемет ұйымдастырғыш Гүлбағрам

тәтейдің әсері Сәкенге жанасуыма едәуір себепші болғанын да жасырмаймын. Сәкенге деген құрмет жұрт алдында болсын, онашада болсын, Гүлбағрам арқылы еселей түсіп, біраз дүниенің сырын өзгеден бұрын білуіме, түсінуіме жағдай жасағаны да рас.

Менің қолымда Сәкеннің жары Гүлбағрам Батырбекқызына әр кезде жазған жеті хатының екі көшірмесі бар. Олардың түпнұсқасы ксерокопияға да түсіріліп, 1988 жылы Ақмола қаласында ашылған Сәкен Сейфуллин мен Қазақстанның Орталық музейінде сақтаулы. Открыткаға сия қарындашпен жазған бір хатының түпнұсқасы менің қолымда, көшірмесі әзірге жасалған жоқ. Ол хат 1929 жылы 25 шілдеде Севастополь қаласынан Ташкентке жолданған. Демек, ол – Сәкеннің маған белгілі сегізінші хаты.

Сәкенге қатысты тағы біраз құжаттар бар, олардың қисыны келгенде Сәкен мен Гүлбағрамның сезімкүйіне, қарым-қатынасына байланысты әңгімелей де отырармын. Олар КАССР Халық Комиссарлары Советінің бұрынғы төрағасы С.Сейфуллиннің 1925 жылы 28-мамыр күні РКП(б) Орталық Комитетінің бас хатшысы Сталин, Молотов пен Куйбышевтарға тапсырған саяси мәлідемесі болса, екіншісі – 1929 жылы 15-қазанда №9 ячейканың ВКП(б) мүшелерін тексеру жөніндегі Тазалау комиссиясы толтырған №1 протоколдың көшірмесі, үшіншісі – Сәкеннің машинкаға басылып, соңғы абзацы өз қолымен түзетілген өмірбаяны, ал төртіншісі – 1937 жылы 24-қыркүйекте Сәкенді тұтқындап, үйін тінткенде қандай кітап, папка, құжат, қолжазба алынғандығы жөніндегі акті. Бұлар және басқа қосалқы деректер ретіне қарай пайдаланылады.

1937 жылы жазықсыз кінәлап, үйінен алып шығарда Сәкеннің “түсінбестік бірдеме ғой, таяуда қайтып ораламын” деп қош айтысқан жары Гүлбағрам



С.Сейфуллин демалыста. Қырым-Алушка. 1929 ж.



Батырбекқызы Сейфуллина болатын. Зор сеніммен үйден шыққан дала дауылпазы өзінің сүйген жарына, сағынған еліне жиырма жылдан кейін оралды. “Халық жауы” деген лағынет жамылғандардың ең алдымен оралғаны Сәкен. “Осы шын ба, өтірік пе, өңіміз бе, әлде түсіміз бе” деп жүрген күндерде Бейімбет Майлин мен Илияс Жансүгіровтер ақталып, сүйектері қапаста қалып, өнерлері елге жете бастағанда ғана сендік-ау. 1957 жылдың 23-қазанында, Қазақстан Жазушылар одағының шағын клубында Сәкенді еске түсіру кеші өтіп, аты аңызға айналған мемлекет қайраткері, ірі қоғамдық тұлға, жанашыл ақын, қазақ әдебиетіндегі кеңесшіл бағыттың негізін қалаушы, сегіз қырлы, бір сырлы азамат жайында айтылар халықтық дастанның алғашқы беті ашылды. Содан бері Сәкен жайында талай-талай еңбектер жазылып, әңгімелер айтылып келе жатыр. Оның тынар түрі жоқ.

XX съездің шешімінен нәр алған халықтық хордың бастаушысы Сәбит Мұқанов болса, оның бар қоймасы мен сақшысы Сәкеннің шаңырағын құлатпай сақтап қалған азамат жары Гүлбағрам Батырбекқызы Сейфуллина болды. Менің қолымдағы оннан аса айрықша құнды құжаттарды маған уақытша пайдалануға тәтейдің өзі беріп еді. Әрине, уақыттан күдіретті ештеңе жоқ қой, оларды жиып алуға тәтейдің мұршасы келмей, 1973 жылы дүние салды. Өтірік көлгірсімей-ақ қояйын, оларды қайтара қоюға менің де құлқым соға берген жоқ-ты. Тықактап отырған тәтей болмады. Оған талай себептер бар, соның ішінде 1972 жылы “Жизнь замечательных людей” сериясынан шыққан “Сәкен Сейфуллин” атты кітабым дәнекер болды.

Енді хаттарға оралайық. Мен әрқайсысының

жазылған күні, айы, жылына назар аударып, түсіндірме жасап отырамын. Өйткені менің қолымдағы екі көшірменің біреуін қашан, қандай жағдайда жасап алғаным есімде жоқ. Ешқандай белгі қоймаппын.

Отбасы тірлігіне ырың-жырың араласқанда, қисынсыз нәрселер тап бола кететін әдеті ме, әйтпесе парықсыз тірліктің кесірі ме, Гүлбағрам Батырбекқызы сырты көрер көзге қоңды болғанымен, іштен мүжіп жатқан пәлеге тап болыпты. Екеуі жарасып, машықты тұрмыс құра бастағаннан кейін аурудың алғашқы белгісі білініп, ара-тұра қан түкіретін кеселге ұшырапты. Дәрігерге барып, көрінсе жінішке ауру (туберкулез) екенсің деген диагноз қояды. Емханадан ұнжырғасы түсіп оралған Гүлбағрамға Сәкен: “Сені туберкулезден өлтіртпеймін. Жақсы, көңілді тұрмыс ауруыңның аузын ұрады”, – деп дөрекілеу болса да, күле сөйлеп, ештеңе бүлінбегендей сынай танытады.

Қымыз алдырып ішу, жылы-жұмсақтың дәмдісін жеумен дерт кете қоймайтындықтан, Алматының ең тәуір емханасынан оңаша орын алып беріп, емдом қабылдатады. Гүлбағрамға баруға Сәкеннің мүмкіндігі болмай қалған шағында жазған екі-үш хаты сақталыпты. Соның алғашқысы мынау:

“Гүлбағрам!

Пальтоны Каримаға салып, пішкізіп кеттім. Азырақ ұзынырақ етіп алғыздым. Каримадан гөрі бойы сәл ұзынырақ әйел деп айттым. Пальтоның матасы кошқыл кою қызыл қоңыр драп. Онша жақсы емес. Сонда да бола берсін дедім.

Мына костюм тек жалғыз ғана екен, басқасы жоқ па деп екі-үш рет сұрадым. Жоқ екен. Амалсыз мынаны да ала салдым, юбкасын ептеп келтелеуге бо-



*Т.Кәкішұлы С.Сейфуллин атындағы мұражайда.*



лады ғой”, – деген сөзбен хат кілт аяқталады. Соны сақталмапты. Осының өзі – әйел жанын аялайтын мейірімді көңілдің белгісі ғой.

Гүлбағрам сырқаттанып жатқанда Сәкен тегінде қолға оңай түсе бермейтін жабық мастерской ма, әлде дүкен бе, соның біреуіне жол тапқан да, сырқаттың көңілін аулап, ауруын сейілту үшін ақшаның бетіне қарамағандығын көреміз. Әйтпесе кеше ғана Мәскеуден келген, европаша киінудің талай модасына көзі түсіп келген тәтей емханадан шыққанша тоса тұр деп айтқан да болар. Дүниесін ең қымбаты адамның көңілі ғой, соның жөнін табуға ниеттенген жанның әрекеті екені даусыз.

“Өзің тамақты іше бер. Семірсең, науқасыңды жеңесің. Не керек, айтып жібер. Сатып алған биені Баймұхамедовтерге (Кариманың күйеуі. - Т. К.) жібердім. Енді екі бие сауамыз. Қымыз болады. Жаздай қымыз ішсең, тәуір боласың ғой. Малярия демесен, Карималардың қасы жайлы болар еді. Сәкен 16.05.35 ж. Өзің қалайсың?” – деген хаттың да айтары анық болса да, бірді-екілі түсіндірме бере кеткен жөн.

Карима деген адамның аты жиі аталады. Ол башқұрт елінен қиыншылық жылдарда Қазақстанға келіп, әртүрлі қара жұмыста жүреді. Көрші болған соң, Гүлбағрамға “жәрдемші керегі жоқ па?” деп өзі ұсыныс жасағанын Сәкенге айтқанда, “Мәскеуден қалжырап келдің ғой, үй-ішін тазалай салуға көмектессін” деп рұқсатын береді. Оның үстіне Гүлбағрамның Аяңды дүниеге әкелерінің алғашқы белгісі де білініп қалады.

Әйтпесе екі бөлмелі пәтерді қағып-сілку Гүлбағрамға онша қиындық келтірмегенмен, елден келгендерге, ағайын-туыстарға және жора-жолдастарға Сәкен пәтерінің есігі әрқашан ашық болғандығы есепке алынған болуы керек. Сонда қолғабысын тигізіп жүрген Карима біраздан кейін осы үйдің бойжеткеніне айналып, қысты орталай Баймұхамедов деген жігітті тауып алады. Сәкен өкіл әке болып, бар рәсіммен ұзатады. Алматы іргесіндегі совхоздың директоры болып тұрған Баймұхамедовтың, әрине, Сәкенге әкеп-жеткізіп тастағандары болды ма, жоқ па, әйтеуір, жамбасы қара жерге тигенше Кариманың тәтейге серік болғанын, үй-іші ісінің басын қайыра салғанын мен 1973 жылға шейін көріп-біліп жүрдім. Кариманың Ұлы Отан соғысынан оралмаған ардагерінің артында қалған екі баласы Гүлбағрам тәтейге үлкен анасындай еркелеп жүргенін талай көрдім.

1936 жыл – тек Сәкен Сейфуллиннің ғана емес, бүкіл қазақ әдебиеті мен өнері үшін ең зор бақытты жыл болды. Мирзоян аз ғана жыл ішінде азып-тозып кеткен елдің еңсесін көтеріп, рухани жағынан қанаттандырып жіберді. Әрине, асыра сілтеушіліктен, көзсіз көрсоқырлықтан зардап шеккен халықтың қалған жартысының өзі Одақты өз өнерімен дүрілдеткен шақта, соның серкесі де, ардақтысы да Сәкен болғаны әмбеге аян. Қазақ совет әдебиетінің өкілдерінен Сәкеннің халық деп соққан жүрегіне Еңбек Қызыл Ту ордені қадалуы



*Гүлбағрам және інілері Абдулла мен Нұрлан*

әншейінгі ғана көрініс емес еді. Осы шаттықты бүкілқазақтық мейрамға айналдыру үшін Қазақстан өлкелік партия комитеті, әсіресе Левон Исаевич Мирзоянның ыждағатымен Сәкеннің творчестволық еңбегіне 20 жыл толу мерекесі аталып, бүкілодақтық, республикалық, облыстық тіпті аудандық баспасөз орындары қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың негізін қалаушы, жаңа өмірдің жыршысы, үлкен мемлекет қайраткері Сәкенге кемерінен асқан құрмет көрсетіп жатқанда Карима мен Баймұхамедовтер “қызыл май” болып қызмет көрсетіпті. Осы қолқабысы емес, адамгершілік арының молдығы Сәкен “халық жауы” болып кеткеннен кейін де солғындамағанын Гүлбағрам тәтей айрықша ризалықпен айтып, құшағына қысып-қысып қойғанын көргендер аз болмас. Сол сәтте жайма-шуақ күндердің қара бұлтпен тұмшаланатынын сезгендер көп болды деуге дәтің бармайды.

Гүлбағрам Батырбекқызы Сәкен ұсталғаннан кейін нендей күйге түсті, оны қалай іздеді, жоқтады, ақталуына қанша үлес қосты, Сәкен салтанатында жасаған азаматтығы қай деңгейде дегендерді суыртпақтаудан бұрын “Қазақ әдебиеті” газетінде 1973 жылы 2-қараша күні жарияланған азасөзді толық келтіріп алайын. Менің айтар ой-пікірімнің қысқаша тұжырымы осыдан табылып қалатындығына қарамай, Сәкеннің аяулы жары, азамат жоқтаушысы, шаңырағын сақтаушы Гүлбағрам тәтейдің қалың әлеумет таныған келбетін көрсете кетсек, жалғыз зобалаң кезеңде ғана емес, кейінгі уақыттағы ірі әрекеттерін танығандай боламыз.



“Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы, революционер ақын Сәкен Сейфуллиннің зайыбы - Гүлбағрам Батырбекқызы Сейфуллина қайтыс болды.

Гүлбағрам Сәкеннің адал жары, айнымас досы еді. Сәкеннің шығармаларын халыққа жеткізуде оның еңбегі ерекше. Ақынның қолжазбаларын, киім-кешегін, суреттерін, ақын тұтынған заттарын Гүлбағрам көзінің қарашығындай сақтады. Гүлбағрам Сәкеннен жастай қалса да, өзінің адал махаббатынан, асыл достығынан танған жоқ.

Гүлбағрам Батырбекқызы Сейфуллинаны қаламгерлер қауымы, бүкіл оқушы жұртшылық ақынның көзінде көріп, ардақ тұтушы еді. Оның жүзі жарқын, адамгершілігі биік еді. Осындай жаны жайсаң жақсы достың жарқын бейнесі оны білетіндердің есінде ұзақ сақталады.

Жатқан жерің жарық, жайлы болсын, аяулы Гүлбағрам! Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретариаты” деп жазып, азамат жардың бейнесін оқушы қауымға соңғы рет танып қойыңыздар дегендей суретін басу – өңге түгіл Сәкеннің туған інісі Мәжиттің маңдайына жазылмаған құрмет.

Сәкенге қосылғанға дейінгі өміріне көз салсақ, Ақмола қаласындағы бірінші басқыш мектепті бітіргеннен кейін қазақ рәсімімен атастырылған жігітіне ұзатылмақ болып жүргенде, ол кенеттен опат болады. Қаралы қалыңдыққа әменгерлік жайын айта бастағанда: “менің басым бос, еркім өзімде” деп Петропавл қаласындағы партия-совет мектебіне оқуға түседі. Сәкенге кездескенде оқуын орталап қалған кезі болатын. Онан кейінгі кезеңдер белгілі болғанмен, Сәкендердің Ташкенттен Алматыға көшу жайына аз да болса аялдай кету керек. Әрине, Сәкеннің Ташкентте алып жүрген жалақысы өздеріне емін-еркін жеткені сөзсіз. Ал Алматыға келгенде қоңылтақсып, жай-күйлері төмендей бастағаны рас.

Гүлбағрам 1931 жылдың 1-мамырынан 15-қыркүйекке дейін Түрксибстрой жамынан ашылған есеп-қисап мектебінде оқып, II разрядты мамандық алып шығады да, 27-қыркүйектен бастап айлық ақысы 125 сомдық есепші-архивариус, ал 21-желтоқсанда 150 сомдық жаңа кызметке ауысады.

Цветметзолото институтына осындай дайындықпен барған Гүлбағрам 1937 жылдың зобалаңына ұшырағаннан кейін 1938 жылдың 10 маусымынан 1940 жылдың 10 маусымына дейін Ақмола облысына жер аударылып, тиісті мерзімді толық атқарып шыққан. Оны Ақмола облысы бойынша НКВД басқармасының I арнайы бөлімінің бастығының міндетін атқарушы Козодой мен оның көмекшісі Анифиоров екеуі қол қойып, мөр басып растап, астаналарда тұрмасқа қолхат алып-ты. Осындай азаматтыққа жету жолында қазақ энергетиктерінің ең ірі өкілі, Челябинскіде қайтыс болған ағасы Бозтай (Абдолла) Батырбековтің жасаған әрекетін сөзбен айтып жеткізу қиын. Бұл тұқымға туа біткен бауырмалдықты Зейнеп осы күндері тағы бір дәлелдеп жүр.

Ақмола маңында “Алжир” деп аталған 26-нүктеде болған апа-жеңгелеріміздің қияметі Жайық Бектұровтың және “Өркен” газетінде Армиял Тасымбековтің толассыз жазып келе жатқан мақалаларынан кейін Гүлбағрамның көрген қорлық-зорлығына тоқтамай-ақ қояйын. Ондай қасіреттің түбіне су құйылсын.

Маған Гүлбағрам тәтейдей ғана ару Сәкенге жолдас болуға лайықты болып көрінеді де тұрады. Сәкеннің әлемді аузына қаратқан атақ-даңқы ғана емес, табиғат берген сұлулығына Гүлбағрам тең емес еді дегендерді талай естідім. Әрине, екі сұлу бір жерге қосылса, бұдан да хикаялы болар ма еді, қайтер еді. Бірақ ондайлардың оңбай жататыны, бірінің көркін екіншісі қызғанып, қор болғандарын талай көрдік те ғой.

Ал тәтейдің ажары емес, азаматтығы Сәкеннің адамгершілік қасиетін, ел алдындағы абырой-беделін арттыра түсу үшін қаншама махаббат сезімі, қаншама төзім-қайрат керектігін дәлелдейді. Ғалия сияқтылар қиліккенде, Гүлбағрамның өзіне теңі табылмай қалмайтын еді ғой. Сәкенді рухани жағынан жүдетпек болғандар осы оқиғаны барынша пайдаланып баққаны да белгілі.

Сәкеннің адами бақыты, творчестволық шабыты Гүлбағраммен 1926-1937 жылдар аралығында өткізген шуақты да бұрқасынды күндерімен толысып жетілді, шарықтады. Сол уақытта Сәкен үйінің есігі бір рет қатты жабылмағаны былай тұрсын, екеуі шүйіркелесіп онаша шай ішкен кезі болмаудың өзі қандай азаматтық. “Қазақстан әйелдері” журналының тілшісімен әңгімелескен Гүлбағрам “үйімізде әрқашан елден келген Сәкеннің, менің туыстарым, төрт-бес бала жатып оқитын” (1964, №6, 7-бет) дегені осыны дәлелдейді. Адамнан безбеу, оны ішке тар-тып, жылылық көрсету, жақсылық жасау – азаматтықтың ең биік шыңы.

Сәкен барында үйренді ме, жоқ соңынан дағдыланды ма, әйтеуір қызыл сұңқары жібек бауымен қайтып оралғаннан кейін Сәкен үйінің ошағына бір күн от жағылмаған, мұржасынан түтін шықпаған сәт болды дей алмаймын. Сәкеннің туған күні жылда тойланатын, ал 70 жылдығын халық көтеріп әкетсе де, Гүлбағрам өз жолынан жығылмады. Сәкеннің ұлан-асыр тойына келгендерді программадан тыс өзі шақырғанда аяқшы-табақшы болғанымды ұмыта алмаймын. Ол ол ма, тәтей алыс-жақын ағайындардың, құла-құдашаның басын қосып, елдігімізді нығайту үшін бірінді-бірің біліп-танып, қадірлеп жүріндер деп жинап алуға, әрқайсымызбен жайрандап қалжыңдасып, ағыл-тегіл күлкіге батыруға келгенде алдына жан салмайтын. Сол күнді қазір сағынып та жүргендеріміз аз емес. Елдікке, ағайындыққа, татулыққа, бауырмалдыққа бастайтын адамның еркек не әйел болуы шарт емес, азамат болуы міндет екен.

*«Сәкен сүйген сұлулар» атты кітаптан,  
«Атамұра» баспасы, (1997-жыл)*